

Бекітемін
«Жетісу облысының білім басқармасы» ММ
«Әдістемелік орталығы» КММ директоры
Г. Мухметова
2025 жыл



«Дарынды балаларға –талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасының облыстық кезеңін өткізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

- 1.1 Педагогикалық олимпиада мұғалімдердің дарынды балалармен педагогикалық білім берудің барлық деңгейлерінде қызмет етуде дайындықтың бір түрі болып табылады.
- 1.2 Педагогикалық олимпиада педагог тұлғасының шығармашылық еркіндігінің кеңістігін, зерттеушілік ізденістің бағытын таңдауды, педагогикалық өзін-өзі көрсету тәсілдерін, тұлғалық және кәсіби жолының одан әрі жолдарын шоғырландырады.
- 1.3 Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңына сәйкес жасалған.

2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

- 2.1 Педагогикалық олимпиаданың мақсаты-жас педагог қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау, білім беру жүйесін жетілдіруге жас мұғалімдердің белсенді кәсіби көзқарасын қалыптастыру.
- 2.2 Педагогикалық олимпиаданың міндеттері:
- педагогикалық мамандықтың мәртебесін және беделін арттыру;
 - жас педагогтердің әдістемелік деңгейін жетілдіру;
 - жас педагогтерді оқу-тәрбие үрдісінде инновацияларды іздеу және іске асыруға ынталандыру;
 - эксперименттік және инновациялық жұмыста кәсіби батылдық пен дербестікті дамыту;
 - жас мамандардың педагогикалық қызметін талдау және өзін-өзі жетілдіру, олардың шығармашылық қабілеттерін және белсенді кәсіби позициясын дамыту үшін жағдай жасау;
 - жас мамандардың кәсіби қоғамдастығында өзара қарым-қатынас орнату және әріптестерін қолдау үшін мүмкіндік жасау.

3. Педагогикалық олимпиаданың қатысушылары

- 3.1 Қатысушылардың еңбек өтілі 5 жылдан аспауы тиіс.
- 3.2 Әр аудан, қаладан, облыстық мамандандырылған мекемеден 1 жас маман қатысады.
- Олимпиада мазмұны педагогикалық зерттеу қызметінің шеберлігін, педагогикалық білім беруді, педагогтің жеке кәсіби маңызды қасиеттерін көрсете алатын конкурс тапсырмаларын қарастырады.

4. Педагогикалық олимпиада жеңімпаздарын анықтаудың жалпы өлшемдері

- 4.1 **Өзін-өзі таныстыру.** «Алғашқы педагогикалық қадам» – мұғалімнің кәсіби жолындағы ең алғашқы тәжірибесі, яғни білім беру саласындағы алғашқы әрекеттері мен өзін кәсіби тұрғыда таныстыру кезеңі. (5 минут).

Бағалау өлшемдері:

- шығармашылық жұмысты таныстырудағы дайындық дәрежесі;
- өз жұмысының жетістіктері мен сәтсіздіктеріне жан-жақты талдау жасай білуі;
- ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалануы;
- ауызша сөйлеу өнері (айқындылығы, мәнері, образдылығы, сауаттылығы);
- импровизациялық қабілеті;
- аудиторияға ықпал ету дәрежесі;
- жүйелілік және аргументтілік;
- кәсіби қызмет динамикасы;
- материалдардың толықтығы;
- материалдың эстетикалық безендірілуі.

Жалпы мәдениеті:

- ой-өрісі және ойлау қабілетінің ерекшелігі;
- коммуникативті мәдениеті.

4.2 «Педагогикалық идея». (регламент -5-7 минут).

Бағалау өлшемдері:

1. құзыреттілік (әдістемелік сауаттылығы, білімнің тұрақтылығы, АКТ-ны қолдану, сабақтың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруы).

2. рефлексивті (қатысушының жұмыс тақырыбы бойынша жеке ұстанымы, педагогикалық құралдарды аргументті таңдау, өзіндік табыстылық қабілетінің деңгейін анықтау).

5. Олимпиада кезеңдері

5.1 Педагогикалық олимпиада бірнеше кезеңдерден тұрады:

I кезең – Аудандық

II кезең – Облыстық (19 ақпан 2025 жыл)

III кезең – Қорытынды Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы өткізеді.

2.3 Педагогикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне төмендегі материалдар жіберіледі:

-байқауға қатысуға үміткерлерді ұсыну туралы байқаудың аудандық, қалалық кезеңіндегі ұйымдастыру комитеті отырысы хаттамасының көшірмесі;

-байқаудың облыстық кезеңіне қатысушылардың үлгі бойынша өтініштері (*1 қосымша*).

Материалдарды (құжаттарды) 2025 жылдың 14 ақпанына дейін jetisu.metod@mail.ru кешіктірмей жіберу талап етіледі.

Қосымша сұрақтар бойынша байланыс телефоны: 87714534093 Жанабекова Талшын Даулетқызы

6. Педагогикалық олимпиаданың ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы

6.1 Педагогикалық олимпиаданы дайындау және өткізуді облыстық ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

6.2 Ұйымдастыру комитеті мынадай функцияларды жүзеге асырады:

-материалдардың тәртібін үйлестіреді;

-педагогикалық олимпиаданың қатысушылары ұсынған материалдарға сараптама өлшемдерін әзірлейді;

-педагогикалық олимпиаданың іріктеу кезеңі нәтижелерін техникалық өңдеуде жүзеге асырып, қорытынды кезеңіне қатысушылардың құрамын анықтайды;

-педагогикалық олимпиаданың қорытынды кезеңінде қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады;

-қорытындысын шығарады және марапаттау рәсімінің ұйымдастырылуына қатысады;

-педагогикалық олимпиаданың өткізу орны мен күнін, тәртібін белгілейді.

6.3 Ұсынылған жұмыстар санына байланысты, Ұйымдастыру комитеті қатысушылар арасынан аймақтық кезеңнен қорытынды кезеңіне қатысушылар құрамын анықтау құқығын өзіне қалдырады.

6.4 Олимпиада іс-шараларын бағалау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамын Педагогикалық олимпиаданың ұйымдастыру комитеті құрады.

6.5 Қазылар алқасының құрамын облыстық алдыңғы қатарлы педагогикалық жоғары оқу орындарының, колледждердің ғалымдары, түрлі деңгейдегі кәсіби шеберлік байқауларының жеңімпаздары, педагогикалық қоғамдастық өкілдері кіреді.

7. Педагогикалық олимпиаданың жеңімпаздарын марапаттау

7.1. Педагогикалық олимпиаданың жеңімпаздары «Жетісу облысының білім басқармасы» ММ «Әдістемелік орталығы» КММ-нің I, II, III дәрежелі дипломдары және алғыс хаттарымен марапатталады.

7.2. Педагогикалық олимпиаданың барлық қатысушыларына сертификаттар тапсырылады.

7.3. Педагогикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша бірлескен педагогикалық жобалар, оларды іске асыру бойынша бірлескен шешімдер қабылданып, облыстың педагогикалық қоғамдастығымен байланысты кеңейту.